

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ -
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

II БӨЛІМ

25 мамыр 2016 жыл

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ II

25 мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IXth Astana Economic Forum

PART II

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н.,
доцент Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)- 551я431

ISBN 978-9965-31-762-0

5. Кабушкин Н.И. Менеджмент туризма: учеб. пособие.- Мн.: БГЭУ, 1999.-644 с.
6. Егошин А.П. Управление персоналом. – Новгород: Март, 2000.- 238 с.
7. Утарбаева Г. Особенности управления человеческими ресурсами в современных условиях. «Транзитная экономика», 2006.- 66 с.
8. Армстронг М.С. Практика управления человеческими ресурсами // Перевод англ.под ред. С.К. Мордовина. - Питер, 2005. -245 с.

ЭКОНОМИКАДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ ПЕН БИЗНЕСТІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТІНІҢ НЫСАНДАРЫ МЕН МЕХАНИЗМІ

Омаров М.Б., Хасенова К.К.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
muha_92.09@mail.ru., n_kenzhegul@mail.ru

Экономиканың дамуы өзінің алдына қажетті талаптар қояды, қазіргі кезде тек жеке мемлекеттің күшімен немесе тек жеке меншік күшімен қандай-да бір ірі жобаларды жүзеге асыру қиынға түседі, сондықтан да қазіргі кезде барлық дамыған елдерде мемлекеттік-жекеменшік серіктестігін қалыптастырып, дамыту алға қойған мақсаттардың бастысы болып отыр.

«Мемлекеттік-жекеменшік серіктестігі» (МЖС) ұғымы ХХ ғасырдың 90-шы жылдарының басында пайда болды, ол мемлекеттің жеке құрылымдармен байланысының «британдық моделімен» байланысты.

Осы ұғымға деген елдердің қызығушылығының туындауы мемлекеттің және жеке сектордың қаражаттары мен мүмкіндіктерін біріктіріп, көптеген инфрақұрылымдық, инновациялық, әлеуметтік және экологиялық міндеттерді тиімді шешуге болады.

Мемлекет өз кезегінде меншік иесінің құқықтарын іске асыра отырып, халықтық және өзге де жеңілдіктерді, кепілдіктерді пайдалану, сондай-ақ қаржылық ресурстардың кейбір көлемін алу мүмкіндігін береді. Осындай тәсілмен МЖС құру мемлекетке шаруашылық жүргізудің заманауи тиімді әдістерін толық көлемде пайдалануға мүмкіндік береді, өйткені басқару функциялары кәсіпкерлік құрылымға өтеді, бірақ бұл жағдайда қадағалау және бақылау құқығы сақталады. Компания өз кезегінде кәсіпкерлік тәуекелдерді төмендетіп, мемлекеттік ресурстар мен кепілдіктерге қолжетімділік береді.

Мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктің негізгі мақсаты қаржыларды және әр мемлекет пен бизнестің тәжірибесін біріктіру жолымен қоғамның қызығушылығындағы инфрақұрылымды дамыту, экономикалық субъектілерге жоғары сапалы қызмет көрсету шартында қоғамдық маңызы бар жобаларды ең аз шығын және қауіптерден алшақ іске асыру болып табылады.

МЖС –нің негізгі белгілері:

- ортақ мерзімді және ұзақ мерзімді қарым-қатынастар;
- МЖС-да тараптар мемлекет және жеке сектормен ұсынылады;
- МЖС-да тараптардың өзара әрекеті сәйкес шарттарда жасалынған;
- мемлекеттік сектор МЖС объектілері бойынша нәтижелікке жету өлшемдерін анықтау болып табылады.

Елдердегі МЖС дамуының әр түрлі деңгейінің фактілерімен бірге жүретін, МЖС тәжірибесінің бірыңғай халықаралық ақпараттық жолағының жоқтығы МЖС процестерін түсінудің және МЖС әр түрлі қатысушылары арасында біріктірілген өзара әрекеттестіктің төмен деңгейіне әкеп соғады.


Сонымен қатар, ұлттық ерекшеліктерді ескерумен әр түрлі елдердің МЖС зерттеуге инвестордың уақыт жоғалтуы да маңызды дәлел, онымен әдетте ол жаңа елдің нарығына кірген кезде ұшырасады.

Бұл дәлелдер МЖС саласында іске кірістірілген әр түрлі ұйымдар үшін бірыңғай ақпараттық және диалогтық алаңша болатын, МЖС қауымдастықты құру бойынша идея үшін негіз болды.

Қауымдастықтың мақсаты тәжірибемен алмасу және тәсілдерді үйлестіру арқылы қатысушы - елдердің мемлекеттік - жекеменшік серіктестігін дамытуға жәрдемдесу болып табылады.

Мемлекеттік-жекеменшік серіктестікті дамытудың негізгі факторларды анықтау басқарудың мемлекеттік органдарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының МЖС дамыту мақсатында бастамашы ретіндегі қызметінің басым бағыттарын анықтау үшін қажет.

Мемлекет инновациялық технологиялар мен инженерлік шешімдерді пайдалануда жеке компанияларға еркіндік бере алады. Бұл жағдайда концедент мұндай инновациялар қамтылған тендерлік ұсыныстарды бағалауға және салыстыруға дайын болуы тиіс. Жалпы, жобаны дайындауға неғұрлым көп қаражат инвестицияланса, тендерге қатысушыларға соғұрлым сапалы ақпарат беріледі, ал бұл, өз кезегінде бәсекелестікті күшейту мен неғұрлым сапалы және инновациялық тендерлік ұсыныстар алу үшін ынталандыру болып табылады (сурет 1).



Сурет 1 – Мемлекеттік–жекеменшік серіктестігінің билік органдары және бизнес үшін артықшылықтары

Суреттен, мемлекеттік–жекеменшік серіктестігі қандай субъект болмасын оның іс-әрекетін ілгері дамыту үшін жағдай туғызады, тәуекелділіктерді бірігіп шешуге мүмкіндік береді, тұрақты даму мен тұрақты табыс алуға әкеледі.


Технологиялық бизнес-инкубациялау қызметтерін көрсету, сондай-ақ мұндай көрсетілетін қызметтер құнын айқындау қағидаларын индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

Осыған сәйкес мемлекеттік-жекеменшік серіктестігінің жобаларын жүзеге асыру кезінде мемлекет пен бизнес осы жобаларға өзіндік үлесін қосады, оны келесі 2- суреттен көруімізге болады.

Суреттен, мемлекет пен бизнестің елдің инновациялық дамуына қосар үлесі көп екенін және осы серіктестік арқылы ғана тиімді дамуға қол жеткізуге болатының көре аламыз.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимылы түрлі схемалар, таңдалған модельдерді, пішіндерді, елдегі экономикалық ахуалға және институционалдық шарттарды (ресми және бейресми), қаржыландыру түрлерін, МЖС субъектілері - қатысушылардың қалыптасқан мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі арқылы іске асырылуы мүмкін.

Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік механизмі мәні қалыптасқан институционалдық орта жағдайында МЖС субъектілерінің МЖС объектіге қатысты өзара іс-қимылының тәртібін анықтайтын жүйе ретінде түсінеміз.



Сурет 2 - Мемлекеттік-жекеменшік серіктестігінің жобаларын жүзеге асыру кезінде мемлекет пен бизнестің мақсаттары мен мәні

МЖС негізгі элементтері МЖС объектілеріне байланысты жіктеліп, келесі 1-кестеде ұсынылған.

Кесте 1

Мемлекеттік-жеке меншік серіктестік механизмін құраушы элементтер

Механизмнің құраушы элементтері	МЖС объектілері		
	Өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым	Өнеркәсіптік кәсіпорындар	Ғылыми зерттеулер, әзірлемелер мен инновациялар
МЖС нысандары	Қызметтерді көрсету шарттары, басқару. Жалға беру шарттары, лизинг, өнімді бөлу туралы келісім. Бірлескен кәсіпорындар, акционерлеу. Концессия		Кооперативтік және басқа да келісімдер. Ғылыми зерттеулер мен инновациялық ынтымақтастық шарттары
МЖС модельдері	1 тәсіл. Оператор моделі. Шарттық модель. Құқығын уақытша беру моделі.		Алмасу моделі (нақты жоба бағытталған). «Пул» моделі

	Концессия моделі. 2 тәсіл Ұйымдастырушылық модель. Қаржыландыру моделі. Кооперация моделі		(институционалдық әріптестік, ұзақ мерзімді кооперация)
МЖС институционалды ортасының қаржылық және ұйымдық құралдары	Инвестициялық қор. Даму банкі	Өнеркәсіптік кластерлер. Өнеркәсіптік-өндірістік аймақтар	Венчурлік инновациялық қорлар. Венчурлық компаниялар. Өнеркәсіптік-өндірістік аймақтарды техникалық енгізу. Технологиялық платформалар. Технопарктер. Бизнес - инкубаторлар
МЖС субъектілері	Халық билігінің өкілдері (республикалық, өңірлік билік органдары, министрліктер, ведомстволар). Жеке сектор өкілдері (заңды немесе жеке). МЖС, сараптама ұйымдарына мемлекеттік және жеке меншік орталықтар. Бақылаушы ұйымдар. Инвестициялық компаниялар, қорлар, коммерциялық банктер. Қоғамдық ұйымдар. Сақтандыру ұйымдары		
Қаржыландыру түрі	МЖС шеңберінде мемлекет пен жеке сектордың (бір немесе бірнеше шеңберінде модельдерді), аралас қаржыландыру болжанады: несиелер, қарыздар, банктердің несиелік желілері. Жобалық қаржыландыру, инфрақұрылымдық облигациялар. Венчурлік қаржыландыру. Инвестициялық қорлардың, қарыздық облигациялардың қаражаттары.		

Кестеден, мемлекеттік-жеке меншік серіктестік механизмін құраушы элементтеріне МЖС нысандары, модельдері, институционалды ортасының қаржылық және ұйымдық құралдары, субъектілері, қаржыландыру түрлері жататының көруімізге болады.

Оның негізінде статистикаға жүгінетін болсақ, мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінде 22 жоба жүзеге асырылады), оның ішінде: 2 – республикалық (*Алматы және Қарағанды қалаларындағы Медициналық университет қармағындағы 300 төсектік көп бейімді ауруханалар*); 20 – жергілікті (*Ақмола – 1, Ақтөбе – 2, Алматы – 2, Атырау – 1, ШҚО – 2, Қостанай – 2, Қызылорда – 2, Маңғыстау – 2, СҚО – 1, ОҚО – 1, Астана қ – 4*). Жергілікті маңызы бар жобалар түрлі дайындау кезеңдерінде жүріп жатыр:

- инвестициялық ұсыныс сараптама кезеңін өту және әзірлеу сатысында 3 жоба бар (*Ақмола – 1, Ақтөбе – 2*);

- 2 жоба бойынша концессиялық жобаларға консультациялық қолдау үшін қаржыландыруға сұраным (*Қостанай облысы – 2*);

- концессиялық ұсыныс, концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу немесе түзету, концессиялық жобаның конкурстық құжаттама сатысында 14 жоба бар (*Атырау – 1, ШҚО – 2, Қызылорда - 2, Маңғыстау – 2, СҚО – 1, Астана қ - 4*);

- 2 жоба бойынша концессионерді таңдау жөніндегі конкурсты қайта өткізу дайындалуда (*Алматы облысы*). Конкурс екі кезеңдік рәсімдерді пайдаланып өткізіледі.

Үкімет тарапынан мемлекеттік-жекеменшік серіктігінің дамуына заңдылықты негіз жасалып, қажет инфрақұрылымдық объектілер жаңадан құрылды. Оған күә ретінде «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында 34-қадам осы мемлекет-жекеменшік серіктестігін дамыту шеңберінде пенитенциялық инфрақұрылымды жаңғырту мақсатын алға қойып отыр. 2015 жылдың 11 қарашасында осы Ұлт Жоспарын орындау аясында «ҚР Мемлекеттік-жеке меншік серіктестігі» жөніндегі Заңы қабылданды. Оның аясында Қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік серіктестік орталығы құрылды, ол елімізде жаңа үлгідегі мемлекеттік-жекеменшік серіктестігі дамытудың алдыңғы қатарлы сараптамалық орталығы.

Сонымен, қорыта келе, еліміздегі мемлекеттік-жекеменшік серкітестігінің заңдылықты негізі құрылып, елде барынша инновациялық дамуға МЖС қосар үлесі зор болатыны анық.

Бірақ, бізде МЖС тек әлеуметтік салаға көбіне бейімделген, сондықтан елдің инновациялық дамуын көтеру үшін индустрия саласына да МЖС барынша енгізу қажеттілігі туындап отыр.

Әдебиеттер:

1. П.А. Гагарин, Е.А. Двинянин. Государственно-частное партнерство как инструмент реализации масштабных проектов. <http://www.gradient-alpha.ru/assets/docs/PPP-Research-14.03.2014.pdf>
2. Государственно-частное партнёрство в Казахстане. <http://edariger.kz/ru/article/stati/145/>
3. Никитаева А.Ю. Стратегии и механизмы взаимодействия государства и бизнеса в регионах России // Региональная экономика. – 2007. – №9.
4. Кубарев Е.Н. Формы партнерства государства и частного бизнеса в инвестиционном процессе // Проблемы современной экономики. – 2008. - N 2(26).

ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ РЕФОРМИРОВАНИЯ БАНКОВСКОЙ СИСТЕМЫ РК

Байгабулова К.К., Рахметова Ж.М., Алтыбаева Г.К

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
г.Астана, Республика Казахстан
e-mail: *k.baygabulova@mail.ru*

В истории становления банковской системы Республики Казахстан выделяют четыре основных этапа: первый этап (1988-1991гг), который рассматривают как подготовительный этап, заложивший основы становления банковской системы РК. Были реорганизованы государственные отраслевые банки, созданы институциональные основы банковского дела, появились первые коммерческие банки; второй этап (1992-1993 гг.) характеризуется бурным количественным ростом субъектов банковского сектора (204 банка второго уровня по состоянию на 1993 год) и выходом Казахстана из рублевой зоны (1993 год).

К моменту введения тенге банковская система Казахстана претерпела существенную реформу: функционировала двухуровневая банковская система все специализированные банки были преобразованы в акционерные банки, а Национальный Банк был наделен рядом функций центрального банка; третий этап (1994-2003 гг.) характеризуется ужесточением требований по открытию банка, вводятся пруденциальные нормативы, ограничения на оплату уставного фонда неденежными средствами и т.д. В феврале 1995 года принимается первая программа реформирования банковской системы; четвертый этап: с 2004 года по настоящее время рассматривается как период дальнейшего развития банковской системы Казахстана и ее интеграции в мировой финансовый рынок.

Динамика количественного состава субъектов банковской системы Казахстана (БВУ - банков второго уровня) за период с момента ее становления и до настоящего времени представлена в таблице 1 [1,2,3,4].